

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2020 жылғы «5» ақпандағы
№ 51 бұйрығына 35-қосымша

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2013 жылғы 3 сәуірдегі
№ 115 бұйрығына 580 -қосымша

**Тірек - қозғалыс аппараты бұзылған білім алушыларға арналған
бастауыш білім беру деңгейінің 0-1 сыныптары үшін «Сауат ашу»
пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы
(оқыту қазақ тілінде)**

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Тірек-қозғалыс аппараты бұзылған білім алушыларға арналған бастауыш білім беру деңгейінің 0-1 сыныптары үшін «Сауат ашу» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы б) тармақшасына сәйкес әзірленген.

2. Бағдарламаның мақсаты - айтылым, тыңдалым, жазылым және оқылым дағдыларын қалыптастыру процесі арқылы функционалды сауаттылығының негізін қалап, білім алуға ынталы жеке тұлғаның дамуына мүмкіндік жасау.

3. Бағдарламаның міндеттері:

1) сөйлеу тілі дағдыларын дамыту (айтылым, тыңдалым, оқылым, жазылым);

2) фонематикалық қабылдауын, дыбыстық талдау мен синтезін қалыптастыру;

3) қоршаған әлем туралы тікелей әсерлерді бөлісу және нақтылау жолымен сөздік қорын нақтылау және байыту;

4) байланыстырып сөйлеу тілін дамыту;

5) туған тіліне деген қызығушылығын дамыту;

6) білім алушыларға ана тілі бойынша орфоэпиялық, орфографиялық және пунктуациялық біліктіліктерін қалыптастыру;

7) сөйлеу мәдениетінің дағдыларын қалыптастыру, дұрыс жазу және оқу, диалогқа қатысу, күрделі емес ауызша монологтық сөздер мен жазбаша мәтіндерді құрастыру;

8) балаларды көркем әдебиет әлеміне, кітаппен жұмыс істеуге баулу;

9) білім алушылардың белсенді, пассивті және әлеуметті сөздігін дамыту; тілдің грамматикалық құрылымын меңгерту.

4. Түзете-дамыту міндеттері:

- 1) сөйлеудің дыбыстық бұзылысын түзету, артикуляциялық мүшенің қимылын дамыту;
- 2) қолдың ұсақ моторикасын жазуға дайындау және дамыту;
- 3) оптикалық-кеңістіктік гнозисті қалпына келтіру;
- 4) эмоциялық ерік-жігерінің дамуындағы бұзылыстарды түзету.

2-тарау. Оқыту процесін ұйымдастырудағы педагогикалық тәсілдер

5. «Сауат ашу» пәні бойынша оқу процесін ұйымдастырудың педагогикалық тәсілдері мен қағидалары:

- 1) іс-әрекет тәсілі;
- 2) жеке-сараланған тәсіл;
- 3) құндылықты-бағытталған тәсіл;
- 4) коммуникативтік тәсіл;
- 5) денсаулық сақтау қағидасы;
- 6) түзету бағыты қағидасы.

6. Оқыту мен оқытудағы іс-әрекет тәсілі білім алушылардың оқу іс-әрекеті негізінде жаңа білімнің қажеттілігін және оларды өздігінен таба білудің маңыздылығын түсінетінін білдіреді.

7. Оқу процесін ұйымдастыруға жеке-сараланған көзқарас бойынша деңгейге байланысты топтарға бөлінеді:

- 1) ұсақ моториканы дамыту;
- 2) сөйлеу бұзылысын түзету;
- 3) психикалық процестерді дамыту.

8. Құндылықты-бағытталған тәсіл білім алушылар мен мұғалімнің оқыту мақсатын анықтаудың негізі ретінде қарастырылады, ол арнайы оқу материалдарын арнайы іріктеу арқылы білім алушылардың бойына отансүйгіштік, жауапкершілік, ынтымақтастық, салт-дәстүрді құрметтеу сияқты қасиеттерін қалыптастыруды көздейді.

9. Оқытудағы коммуникативтік тәсіл сөйлеу іс-әрекетін тілдік және сөйлеу нормаларының жүйесіне сәйкес дамытуға, сөйлеу этикетін сақтауды үйренуге мүмкіндік береді, тыңдай білуге, сұрақтар мен жауаптарды тұжырымдай білуге бейімдейді, тіл арқылы, ой бөлісуге, өзгелермен қарым-қатынасты жүзеге асыру қабілетін дамытады.

10. Оқу процесін ұйымдастыру денсаулық сақтау қағидасының негізінде: білім алушыларда дұрыс сезім, жазу және сурет салу кезінде қарындаш пен қалам ұстай білу, қағаз бен дәптерге, кітаптарға бағдарлай білу құрылады.

11. Түзету бағыты қағидасы сөйлеу тілінің жүйелі дамуын, қимыл-қозғалыс саласын, жалпы, ұсақ және артикуляциялық моториканы дамытуды және қабылдау, зейін, есте сақтау, ойлау сияқты психикалық процестерін түзеу жұмыстарын жүргізуді көздейді

12. Оқытудың түзете-дамыту тәсілдері: дидактикалық ойын, психогимнастика, релаксация, қол саусақтарына арналған гимнастика, өз-өзіне массаж, көзге арналған гимнастика, тыныс алу гимнастикасы, дене шынықтыру минуткалары, логопедиялық минут, артикуляциялық гимнастика.

13. Оқытудың түзету бағыты ең алдымен, тірек-қозғалыс аппараты бұзылған білім алушылардың қимыл-қозғалыс бұзылыстарымен байланысты, әсіресе, графикалық дағдыларды қалыптастыру кезінде, сондықтан жазудың графикалық дағдыларын қалыптастыру бойынша жұмыс баланың қозғалыс бұзылыстарын түзетумен тығыз байланысты.

14. Жазу барысында дұрыс отыруды қалыптастыру мақсатында келесілер қарастырылады:

1) білім алушының дұрыс отыру қалпын және тыйым салу- рефлекс позицияларын таңдау, алғашқыда олар балада қарсылығын тудырады, бірақ кейін бала бірте-бірте оларға үйреніп, берілген қалыпты өзі ұстап тұруға тырысатын болады;

2) баланың басы мен аяқ-қолдарын бекіту үшін арнайы құралдарды қолдану;

3) көру-моторлы үйлесімділігін дамыту.

15. Қолды жазуға дайындау бойынша қарастырылады:

1) саусақтар мен қолдың қозғалыс статикалық және динамикалық үйлесімділігін дамыту;

2) заттарды олардың мөлшеріне, серпімділігіне, салмағына сәйкес ұстауды үйрету;

3) затты ұстап тұру және онымен әр түрлі манипуляциялар жасау кезіндегі қолдың еркін қозғалысын дамыту;

4) ұсақ моториканы дамыту үшін жаттығу кешенін жасату;

5) қол массажы (арнайы бұйымдарды пайдалана отырып немесе бұйымдарсыз).

16. Қарындаш, қалам ұстаудың дұрыс тәсілін үйретуге немесе қалам ұстаудың жеке тәсілін таңдауға (егер манипуляциялық функциялардың ауыр бұзылуынан дұрыс әдіс мүмкін болмаса) кіреді:

1) қол мен саусақтардың қаламды ұстап тұрған сияқты қалпын қабылдауға үйрету;

2) партада жатқан қаламды дұрыс алуды қалыптастыру және жазу үшін қалыпты жасау;

3) қаламды ұстап, жазудың дұрыс қалпын сақтап тұру кезінде саусақтардың босаңсыту және кернеу;

4) қаламды ұстап тұру кезінде саусақтардың еркін қозғалысын дамыту жаттығулары.

17. Әріппен танысу кезеңінде графикалық бейнелер мен әріптерді олардың құрамдас элементтеріне көру арқылы бөлуді дамыту, графикалық суреттер мен әріптердің арасындағы ұқсастықты және айырмашылықтарды анықтау бойынша жұмыс жүргізіледі.

18. Білім алушылардың кеңістіктік түсініктерді қалыптастыру үшін ұсынылады:

1) жұмыстың бастапқы кезеңдерінде қолдың заттық іс-қимылдарын көзбен көріп бақылау;

2) заттар мен құбылыстар арасындағы байланыстарды ашу үшін заттармен әртүрлі әрекеттерді жасату;

3) кеңістік қатынастарды ажырату және оларды сөйлеуде қолдану.

19. Көру-моторлы үйлесімділігін дамыту үшін алдымен мұғалімнің көмегімен пассивті, содан кейін сөздік нұсқаулық бойынша белсенді манипуляциялық қимыл-қозғалыстарды көзбен бақылау қабілеті бекітіледі, бастапқыда қолдың қалыпқа келтірілген қозғалыстарын ауада және жазықтықта жасауды үйреді, бұл үйлесімді қимылдарды қалыптастыруға, көру-қозғалыс үйлесімін дамытуға ықпал етеді.

20. Оқыту барысында қолданылатын технологиялар: проблемалық оқыту, дамыта оқыту, ақпараттық білім беру технологиялары, өмірлік практикалық тәжірибені кеңейту арқылы оқыту, жобалық әдіс.

21. Жұмысты ұйымдастыру үшін қолданылатын қажетті техникалық құралдар: ұйымдастыру техникасы (компьютер немесе ноутбук, принтер, сканер); экран, проектор, интерактивті тақта, сандық фотоаппарат, видеокамера; диктофон/ микрофон, құлаққапшықтар; бор тақтасы; маркерлік жылжымалы тақта; кішкентай маркерлі тақта; флипчарт; білім алушылардың жасаған жұмыстарын салатын шкафтар.

22. «Сауат ашу» пәнін меңгерту үшін қолданылатын қажетті көрнекі және дидактикалық құралдар: әртүрлі жанрдағы балалар көркем әдебиеті, суретті брошюралар, журналдар, газеттер, фильмдер, аудиожазбалар және жазушылар мен ақындар туралы видеофильмдер, түсіндірме, орфографиялық сөздік, синоним, антоним, фразеологиялық сөздіктер, этимологиялық сөздік, грамматикалық анықтамалар; портреттер, пән бойынша кестелер; әріптердің жазба және баспа түріндегі үлгілері; қуыршақ (қойылым үшін), суырып салма декорациялар.

23. Жазуға үйретуге арналған арнайы құралдар: қаламдар мен қарындаш - ұстағыштар, қолға арналған ауырлатқыштар, қолдың манипулятивтік функцияларын дамытуға арналған тренажерлер.

24. Арнайы жағдайлар жасау сыныптардың арнайы жиһазбен жабдықталуын көздейді. Биіктігі реттелетін арнайы бекіткіштері бар ыңғайлы үстелдер мен парталар қолданылады.

3-тарау. «Сауат ашу» оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру

25. «Сауат ашу» пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

1) 0-сынып – аптасына 5 сағат, оқу жылында –160 сағатты;

2) 1-сынып – аптасына 5 сағат, оқу жылында –165 сағатты құрайды.

26. «Сауат ашу» пәнін оқыту үш кезеңнен тұрады: әліппеге дейінгі кезең, әліппе кезеңі, әліппеден кейінгі кезең.

27. Әліппеге дейінгі кезеңнің міндеттері:

1) оқу әрекетіне деген қызығушылығын қалыптастыру;

- 2) фонематикалық есту қабілетін дамыту;
- 3) сөйлеу, сөйлем, сөз, буын, дыбыс туралы алғашқы ұғымдары мен түсініктерін қалыптастыру;
- 4) сызба-модельдерді қолдана отырып, сөзге дыбыстық талдау жасау, дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажырату, сөздерді буынға бөлу дағдыларын қалыптастыру;
- 5) қолдың ұсақ бұлшық еттерін дамыту (бояу, сурет салу, түрлі бағытта сызықтар жүргізу, сұлбасын салу, элементтерді жазу);
- 6) артикуляциялық жаттығу;
- 7) ойлау, есте сақтау, елестету, қабылдау қабілеттерін және тұрақты зейінін дамыту;
- 8) ауызша, жазбаша (графикалық жазу) тілін дамыту.

28. Сауат ашудың әліппе кезеңі бірінші тоқсанда басталып, үшінші тоқсанда аяқталады. Әліппе кезеңінің міндеттері:

- 1) оқу әрекетіне деген қызығушылығын дамыту;
- 2) фонематикалық есту қабілетін дамыту;
- 3) дыбыстық талдау-жинақтау дағдыларын жетілдіру;
- 4) әліпби әріптерін меңгерту, әріптердің баспа және жазба түрлерін, бас әріп және кіші әріпті ажыратуға үйрету;
- 5) тіл бірліктері (дыбыс, буын, сөз, сөйлем) туралы ұғымдары мен түсініктерін кеңейту;
- 6) біртіндеп сөзді тұтас, дұрыс, түсініп оқуға дағдыландыру;
- 7) әріптерді, буындарды, сөздерді, сөйлемдерді жазуда каллиграфиялық дағдыларын қалыптастыру;
- 8) сөйлеу әрекеттерінің түрлерін жетілдіру.

29. Әліппеден кейінгі кезеңнің міндеттері:

- 1) мәтіндерді дұрыс, ырғақты оқуға дағдыландыру, «іштей оқу», түсініп, мәнерлеп, шапшаң оқу дағдыларын қалыптастыру;
- 2) тыңдау-түсіну, сөйлеу, оқу және жазу дағдыларын жетілдіру;
- 3) байланыстырып сөйлеу дағдысын дамыту;
- 4) каллиграфия нормаларын сақтап, сауатты, қатесіз жазу дағдыларын қалыптастыру.

30. Бағдарламаның мазмұны 3 бөлімді қамтиды:

- 1) «Тыңдалым және айтылым» бөлімі;
- 2) «Оқылым» бөлімі;
- 3) «Жазылым» бөлімі.

31. «Тыңдалым және айтылым» бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

- 1) дыбыстарды дұрыс айтуды қалыптастыру;
- 2) сөздік қорды толықтыру;
- 3) тілдік нормаларды сақтай отырып, түрлі қарым-қатынас жағдаяттарына қатысу;
- 4) тыңдалған материалдың мазмұнын түсіну;
- 5) мәтіннің тақырыбы мен негізгі ойын анықтау;
- 6) тыңдалған материалды мазмұндау;
- 7) оқиғаны болжау;

8) түрлі жағдаяттарда тілдік нормаларды дұрыс қолдану;

9) тыңдаушының назарын аудару.

32. «Оқылым» бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

1) оқу түрлерін қолдану;

2) оқылған мәтіннің мазмұнын түсіну;

3) мәтіннің құрылымдық бөліктерін ажырату;

4) мәтіндегі сөздердің мағынасын түсіну;

5) мәтін бойынша сұрақ қоя білу және жауап бере білу;

6) мәтіннің түрлері мен жанрын, стилін анықтау;

7) түрлі дереккөздерден қажетті ақпаратты алу;

8) дыбыс пен әріпті тану және ажырату;

33. «Жазылым» бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

1) жоспар құру;

2) оқыған/тыңдаған материалдың мазмұнын жазу;

3) мәтінді түрлі формада құрастыру;

4) түрлі жанрда шығармашылық мәтін жазу;

5) қатені табу және түзету;

6) грамматикалық нормаларды сақтау;

7) пунктуациялық нормаларды сақтау.

34. 0-сыныпқа арналған «Сауат ашу» оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) тыңдалым және айтылым: сөйлеу тілін дамыту және түзету; мұғалім мен басқа білім алушылардың сөйлеуін тыңдауы, естігенінің мәнісін түсінуі, сыныптастарымен тілдесуде сөйлеу мәдениетін сақтай отырып, өзі туралы айта алуы. Тілдік емес амалдарды (интонация, мимика, қол қимылдары, дене қимылдары) ауызша сөйлесуде қолдануы. Сюжетті суреттер бойынша әңгімелер құрастыру, ертегілер айту. Өлеңдер жаттау, санамақтар, мақалдар мен мәтелдер, жұмбақтар жаттау. Жаңылтпаштар айту арқылы артикуляциялық аппараттарын дамыту;

2) оқылым: сөздегі дыбыстардың саны мен бірізділігін анықтау. Дыбыстық талдау жасау. Дыбыстардың мағына ажыратушылық функциясын түсіну. Дыбыс пен әріпті ажырата тани білуі; әріп – дыбыстың таңбасы ретінде. Мәтін, сурет, сызба түрінде берілген ақпаратты түсіну;

3) жазылым: сызбалардың көмегімен сөздің дыбыстық құрамын модельдеу. Сөйлемді модельдеу. Жазу жұмысына дайындық жаттығулары (денені дұрыс ұстау, дұрыс отыру, дәптерді дұрыс қою, қарындашты/ қаламды дұрыс ұстау). Кеңістікте бағдарлау дағдысын қалыптастыру (жазу жолы, жоларалық кеңістік, жолдың жоғарғы және төменгі сызығы, көлбеу, тік). Сурет салу, үзік сызықтар, ирек сызықтар, әріп элементтерін жазу. Әріп элементтерін, бас әріптер мен кіші әріптерді, сөйлемдердің буындарын графикалық нормаларды сақтай отырып, бір-бірімен дұрыс байланыстырып, үздіксіз әрі ырғақты жазу.

35. 1-сыныпқа арналған «Сауат ашу» оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) тыңдалым және айтылым: сөйлеу тілін дамыту және түзету; мұғалім мен басқа білім алушылардың сөйлеуін тыңдауы, естігенінің мәнісін түсінуі, сұраққа дұрыс және нақты жауап беруі, сөз мағынасын түсінуі, сөзді жұмсалы

орнына және мағынасына қарай қолдана білуі. Сөздің дыбыстық құрылымы. Дауысты дыбыстар, олардың жуан, жіңішке болып бөлінуі. Дауыссыз дыбыстар, олардың қатаң, ұяң, үнді болып жіктелуі. Буын – ең кіші айтылым бірлігі ретінде. Сөздердің буындарға бөлінуі. Дауысты дыбыстардың буын құраушылық рөлі. Сөздің мағынасы. Сөйлем құрау. Сөйлемдерден қысқаша мәтіндер құрастыру. Мәтінді тыңдау барысында түсіну. Мұғалімнің ауызша сұрақтарына жауап беру. Сюжетті сурет бойынша немесе көргені, бастан кешкені, естігені туралы әңгімелесу; қысқаша тақпақтар жаттау, мазмұнын айтып беру. Түрлі жанрдағы шығармаларды салыстыру. Шығармадағы негізгі кейіпкерлерге мінездеме беру, сипаттама жазу дағдыларын қалыптастыру. Сөздің дыбыстық және әріптік құрамының сәйкестігін немесе сәйкесеместігін нақтылау. Сөздерді қазақ әдеби тілінің орфоэпиялық заңдарына сәйкес айта білу. Коммуникативтік мақсаттарға сай (топта сөйлесу, сұхбатқа қатысу, сахналау, рөлдік ойындар) сөйлеу мәдениеті этикеттерін пайдалану, лексикалық тақырыптар негізінде сөздік қорды кеңейту;

2) оқылым: сөздер мен сөйлемдердің құрылымын сызба арқылы түсініп, тани білуі (сөздегі буын санын, сөйлемдегі сөз санын анықтау). Сөздің мағынасын, сөйлемнің мәнісін түсіну. Жазылған сөздің әріптік құрылымын тану. Түрлі құрылымдағы сөздерді, 2-6 сөзден тұратын сөйлемдерді, 4-8 сөйлемнен тұратын қысқаша мәтіндерді буындық тәсілмен ұласпалы оқуға үйрету, мәтінді мұғалімнің сұрағы бойынша теріп оқу. Дауыстап оқу. Сөйлеудің интонациялық ұйымдасуына бақылау жасау (аяғындағы интонация, леппен айту, сұраулы интонация); жылдың соңында таныс емес мәтінді оқу техникасының нормасы: минутына 20-25 сөз бен тыныс белгілері; ескерту: шылау, екі әріпті сөздер, қос сөздер жеке сөз ретінде саналады; қазақ тіліндегі дыбыстарды, оның ішінде айтылуы ұқсас л – р, н – ң, с – з, с – ш, ж – ш, п – б, к – қ дыбыстарын дұрыс айтуға дағдыландыру. Орыс тілінен енген сөздерде кездесетін дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру. Білім алушылардың сөздік қорын байыту және белсендіру; сөздердің мағынасына бақылау жасау (мағынасы жуық сөздер, қарама-қарсы мағыналы, көп мағыналы). Мәтін туралы жалпы түсінік. Өз бетімен оқу барысында мәтінді түсінуі. Баяндау сипатындағы құрылымында ақаулары бар мәтінді қайта өңдей алуы. Тұтас сөздер арқылы оқуға өту, «іштей оқу». Оқылғанның мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беру; оқылған мәтін мазмұнының тақырыбымен байланыстылығы, түрлі жанрлардың ерекшеліктерін айқындау; көркем шығарманың тақырыбын, негізгі ойын анықтау; қойылған сұрақтарға дұрыс жауап құрастыра білу; көркем мәтін мен өзге (нұсқаулық, түйін) мәтіндерді интонациясын дұрыс қойып оқу (хабарлы, сұраулы, лепті) және олардың мазмұнын айтып беру; теріп оқу, рөлге бөліп оқу, оқылғанға баға беру (ұнайды/ұнамайды). Оқу тапсырмаларын орындауға керекті ақпаратты іздеу (мұғалімнің жетекшілігімен);

3) жазылым: жазу жұмысына дайындық жаттығулары (денені дұрыс ұстау, дұрыс отыру, дәптерді дұрыс қою, қарындашты/ қаламды дұрыс ұстау). Сурет салу, үзік сызықтар, ирек сызықтар, әріп элементтерін жазу. Айтылуы мен жазылуында алшақтық жоқ сөздерден, пунктуациялық ережелерді ескере

отырып, диктант жазу. Сөйлем құрамындағы сөздердің бөлек жазылатыны. Сөйлемнің бас әріптен басталып жазылатыны, сөйлемнің соңында нүкте қойылатыны. Сөйлем, шағын мәтіндерді (3-4 сөйлем) дұрыс құрастырып жазу. Есту, есте сақтау арқылы сөздерді (3-7 сөз), жай сөйлемдерді (1-2 сөйлем) жатқа жазу. Жазғанын үлгіге қарап тексеру; каллиграфиялық дұрыс жазу; ұғымдарды ажырату: зат және сөз заттың атауы ретінде. Қоршаған ортадағы заттардың, құбылыстардың сөз аталымдары. Сөздің белгілі бір мағына (заттардың атын, түсін, дәмін, көлемін, санын, іс-қимылын) беретінін ұғындыру, оларды орынды қолдануға үйрету. Бір затты, көп затты білдіретін сөздер. Дыбыс. Әріп. Бас әріп және кіші әріп. Дыбыс түрлері: дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажырату. Буын. Дыбыстардан буын құрау. Буындардан сөз құрау. Сөзді буынға бөлу. Дыбыстық-буындық талдау. Сөз және сөйлем. Сөздің мағынасы (сөздік жұмысы). Сөздерден сөйлем құрау. Сөйлемдерден шағын әңгіме (мәтін) құрау. Сөйлемнің тыныс белгілері (нүкте, леп белгісі, сұрақ белгісі); дұрыс жазу ережелерімен танысу және оларды тәжірибеде қолдану.

4-тарау. Оқыту мақсаттарының жүйесі

36. Бағдарламада оқыту мақсаттары кодтық белгімен белгіленді. Кодтық белгіде бірінші белгі – сыныбын, екінші және үшінші белгі – бөлімнің және бөлімшенің реттік санын, төртінші белгі оқу мақсатының реттік нөмірін көрсетеді. Мысалы, 1.1.2.1 кодында «1» - сыныбы, «1.2» - бөлімшесі, «1» - оқу мақсатының реттік саны.

37. Оқыту мақсаттарының жүйесі бойынша күтілетін нәтижелер:

1) «Тыңдалым және айтылым» бөлімі:

1-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары	
	0-сынып	1-сынып
1.1 Тыңдалған материалдың мазмұнын түсіну	0.1.1.1 мәтінді тыңдау және есту	1.1.1.1 тыңдаған материалының сөйлеу екенін, оның мазмұнын түсіну және сөйлемдерге, сөздерге ажырату
1.2 Мәтіннің тақырыбы мен негізгі ойын анықтау	0.1.2.1 мәтінде не туралы айтылғанын анықтау және автор не айтқысы келетінін түсіну	1.1.2.1 мұғалімнің көмегімен мәтінде кім? (не?) туралы айтылғанын анықтау
1.3 Тыңдалған материалды мазмұндау	0.1.3.1 жеке сөздерді, мәтіннен өрнектерді есте сақтау	1.1.3.1 мұғалімнің көмегімен оқиғаның ретін сақтай отырып баяндау

1.4 Оқиғаны болжау	0.1.4.1 иллюстрацияларды қарау, оларды таныс мәтінмен салыстыру	1.1.4.1 мәтіннің мазмұнын тақырыбы, иллюстрациясы бойынша болжау
1.5 Түрлі жағдаяттарда тілдік нормаларды дұрыс қолдану	0.1.5.1 әр түрлі жағдайларда сөйлеу этикетінің ережелерін білу	1.1.5.1 түрлі жағдаяттарда этикет сөздерін қолдана білу
1.6 Тыңдаушының назарын аудару	0.1.6.1 өзі туралы айта білу	1.1.6.1 сөйлеу барысында сипаттауға, салыстыруға қажетті сөздерді вербалды емес қарым-қатынас құралдарын (ым-ишара, қимыл), дауыс ырғағын, мәнерін, қарқынын, сөз арасындағы кідірісті қолдану
1.7 Тыңдалған материал бойынша өз пікірін айту	0.1.7.1 қарапайым сөйлемдерді қолдана отырып, естігені туралы айта білу	1.1.7.1 тыңдалған мәтінге өз көзқарасын жай сөйлеммен білдіру (ұнайды, ұнамайды)
1.8 Берілген тақырыпқа әңгіме құрап айту	0.1.8.1 ұсынылған тақырыпқа сипаттама және баяндау әңгімелерін ойлап табу	1.1.8.1 берілген сюжетті сурет бойынша шағын әңгіме құрап айту
1.9 Дыбыстарды, сөздерді орфоэпиялық нормаларға сәйкес дұрыс айту	0.1.9.1 сөздер әртүрлі дыбыстардан тұрады, егер бір дыбысты ауыстырса, онда басқа сөз болатын білу	1.1.9.1 сөздегі дыбыс түрлерін (дауысты, дауыссыз, жуан және жіңішке дауыстылар) ажырату және дұрыс дыбыстау
	0.1.9.2 сөздегі дыбыстардың тізбегін анықтай білу және дыбыстарды сөзге жалғай білу	1.1.9.2 дыбыстардың мағына ажыратушылық қызметін түсіну
	0.1.9.8 сөздегі буындардың санын анықтау (мұғалімнің көмегімен)	1.1.9.3 сөздің буыннан тұратынын түсіну және сөздегі буын санын анықтау

2) «Оқылым» бөлімі:

2-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары	
	0-сынып	1-сынып
2.1 Оқу түрлерін қолдану	0.2.1.1 баспа қаріпін білу;	1.2.1.1 сөз, сөйлем сызбасын оқу және құрастыру;

	0.2.1.2 буындар мен жекелеген сөздерді оқу	1.2.1.2 оқудың түрлерін (буындап оқу, жиі кездесетін сөздерді тұтас оқу, түсініп оқу) қолдану
2.2 Оқылған мәтіннің мазмұнын түсіну	0.2.2.1 мазмұны бойынша сұрақтарға жауап бере білу	1.2.2.1 мәтінде автордың кім? (не?) туралы айтқысы келгенін түсіну
2.3 Мәтіннің құрылымдық бөліктерін ажырату	0.2.3.1 әңгіме жалғасы мен аяқталуын ойлап табу	1.2.3.1 мұғалімнің көмегімен оқыған мәтіннің тақырыбын, басын, ортасын және соңын анықтау
2.4 Мәтіндегі сөздердің мағынасын түсіну	0.2.4.1 зат атауларының мағынасын түсіну: жақын/қарама-қарсы мағынада (үлкен-кішкентай)	1.2.4.1 мұғалімнің көмегімен қарама-қарсы мағыналы/мәндес/көп мағыналы сөздердің мағыналарын ажырату
2.5 Мәтін бойынша сұрақ қоя білу және жауап бере білу	0.2.5.1 мәтін мазмұны мен иллюстрациялар бойынша қарапайым сұрақтарға жауап беру(мұғалімнің көмегімен)	1.2.5.1 мәтін, иллюстрация бойынша (мұғалім көмегімен) сұрақтар қоя білу және қойылған сұраққа жауап беру
2.6 Мәтіннің түрлері мен жанрын, стилін анықтау	0.2.6.1 мұғалімнің көмегімен мәтін жанрын (өлең, әңгіме, ертегі) ажырату	1.2.6.1 мұғалімнің көмегімен әңгімелеу мәтінін, ерекшелігіне қарай мәтін жанрын (өлең, әңгіме, ертегі) ажырату
2.7 Түрлі дереккөздерден қажетті ақпаратты алу	0.2.7.1 мұғалімнің көмегімен (суретті кітаптар, сөздіктер) ақпараттар табу	1.2.7.1 әліпби ретімен құрылған дереккөздерден (сөздіктер, анықтамалықтар, суретті кітаптар, энциклопедия) ақпараттарды табу
2.8 Мәтіндерге салыстырмалы талдау жасау	0.2.8.1 кейбір әдеби жанрларды (өлеңдер, шағын фольклорлық жанрлар) тану, атау және салыстыру	1.2.8.1 мұғалімнің көмегімен түрлі жанрдағы (ертегі, әңгіме, өлең) мәтіндерді салыстыру
2.9 Дыбыс пен әріпті тану және ажырату	1.2.9.1 әріп бейнесін тану және оны дыбыспен салыстыру	1.2.9.1 әріпті тану, ажырату және оны дыбыспен сәйкестендіру
	1.2.9.2 сөздегі ь, ъ белгісінің рөлін түсіну	1.2.9.2 дыбыстардың сөздегі қызметін түсіну (ь, ъ таңбалары, ё, ю, я қосарлы дыбыстары) және дұрыс оқу

3) «Жазылым» бөлімі:

3-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары	
	0-сынып	1-сынып
3.3 Жоспар құру	0.3.3.1 мұғалім көмегімен суретті кітаптар арқылы жоспар құрып, оған ат (тақырып) қою	1.3.3.1 мұғалім көмегімен мәтінге суреттер, сызбалар арқылы жоспар құрып, оған ат (тақырып) қою
3.4 Оқыған, тыңдаған материалдың мазмұнын жазу	0.3.4.1 мұғалімнің көмегімен суреттің, схеманың, белгілердің көмегімен тыңдалған мәтіндерді жай сөйлеммен жткізу	1.3.4.1 мұғалім көмегімен оқыған, тыңдаған мәтіндегі ақпаратты сурет, сызба, белгілер қолданып, жай сөйлеммен жеткізу
3.5 Мәтінді түрлі формада құрау	0.3.5.1 тақырыпқа байланысты керекті сөздер, сызбалар, суреттер, белгілерді қолдана отырып, үлгі бойынша шағын сөйлем құрап жазу	1.3.5.1 тақырыпқа байланысты керекті сөздер, сызбалар, суреттер, белгілерді қолдана отырып, үлгі бойынша шағын мәтін құрап жазу
3.6 Түрлі жанрда шығармашылық мәтін жазу	0.3.6.1 мұғалімнің көмегімен әр түрлі жанр бойынша (хат, құттықтау хат, хабарлама, нұсқаулық) шағын сөйлемдер құрап жазу	1.3.6.1 мұғалімнің көмегімен әр түрлі жанр бойынша (хат, құттықтау хат, хабарлама, нұсқаулық) шағын мәтін құрап жазу
3.7 Қатені табу және түзету	1.3.5.1 сөздердің, сөйлемдердің жазылуын тексеру және мұғалімнің көмегімен қателерді түзету	1.3.7.1 мұғалімнің көмегімен сөз, сөйлем, мәтінді тексеру және қателерін түзету
3.8 Каллиграфиялық нормаларды сақтау	0.3.8.1 штрихтауды білу; 0.3.8.2 қысқа және ұзын таяқшаларды, дөңгелек және толқынды сызықтарды салу; 0.3.8.3 контуры бойынша жиектеу және баспа әріптерін көшіру; 0.3.8.4 графикалық диктанттар жаза білу	1.3.8.1 жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жолдың жоғарғы және төменгі сызығын сақтап, әріп элементтерін каллиграфиялық талаптарға сай жазу
3.9 Орфографиялық	0.3.9.1 сөйлемді жазу ережелерін білу	1.3.9.1 айтылуы мен жазылуында айырмашылығы жоқ

нормаларды сақтау		сөздерді тыңдау арқылы жазу
	0.3.9.2 тасымалдау ережелерін білу және қолдану (мұғалімнің көмегімен)	1.3.9.2 мұғалім көмегімен сөздерді дұрыс тасымалдау, тасымалдауға болмайтын сөздерді ажырату
	0.3.9.3 сөйлемнің басын және өз есімдерін бас әріппен жазу (мұғалімнің көмегімен)	1.3.9.3 бас әріппен жазылатын сөздерді (адамның аты-жөні, тегі, жер-су атаулары, үй жануарларына берілген аттары) анықтау;
3.10 Грамматикалық нормаларды сақтау	0.3.10.1 мұғалімнің көмегімен заттың атын, санын, сынын, қимылын білдіретін сөздерді ажырату және орынды қолдану	1.3.10.1 заттың атын, санын, сынын, қимылын білдіретін сөздерді ажырату және орынды қолдану; 1.3.10.2 тәуелдік және жіктік жалғауларының қарапайым формаларын (терминсіз) қолдану
3.11 Пунктуациялық нормаларды сақтау	0.3.11.1 сөйлем соңында тыныс белгілерін қою: нүкте, сұрақ белгісі, леп белгісі	1.3.11.1 сөйлемді бас әріппен бастап жазып, сөйлем соңына тиісті тыныс белгілерін қою;

38. Бағдарлама тірек-қозғалыс аппараты бұзылған білім алушыларға арналған бастауыш білім беру деңгейінің 0-1 сыныптары үшін «Сауат ашу» оқу пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасының ұзақ мерзімді жоспары негізінде осы Бағдарламаның қосымшасына сәйкес жүзеге асырылады. Ұзақ мерзімді жоспарда барлық сынып бойынша әр бөлімде қамтылатын оқу мақсаттарының көлемі белгіленген.

39. Бөлімдер мен тақырыптар бойынша сағат сандарын бөлу мұғалімнің еркіне қалдырылады.

Бастауыш білім беру деңгейінің
0-1 сыныптары үшін «Сауат ашу»
пәнінен жаңартылған мазмұндағы
үлгілік оқу бағдарламасына қосымша

Тірек-қозғалыс аппараты бұзылған білім алушыларға арналған
бастауыш білім беру деңгейінің 0-1 сыныптары үшін «Сауат ашу» оқу пәнінен
жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасын жүзеге асыру бойынша ұзақ мерзімді
жоспар

1) 0-сынып:
1-кесте

Ортақ тақырыптар	Бөлімдер	Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары
1-тоқсан			
1. Өзім туралы	1. Тыңдалым және айтылым	1.1 Тыңдалған материалдың мазмұнын түсіну	0.1.1.1 тындау барысында тілдік бірліктерді (сөйлеу, сөз, сөйлем, мәтін) ажырату, тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну
		1.2 Мәтіннің тақырыбы мен негізгі ойын анықтау	0.1.2.1 сөйлемде, мәтінде не туралы айтылғанын түсіну
		1.3 Тыңдалған материалды мазмұндау	0.1.3.1 оқылғанға, естігенге өз көзқарасын білдіру
		1.4 Оқиғаны болжау	0.1.4.1 мәтіннің мазмұнын тақырыбы немесе оның иллюстрациясы бойынша болжау
		1.5 Түрлі жағдаяттарда тілдік нормаларды дұрыс қолдану	0.1.5.1 түрлі жағдаяттарда этикет сөздерін қолдана білу
		1.6 Тыңдаушының назарын аудару	0.1.6.1 сөйлеу барысында сипаттау/ салыстыру сөздерін, вербалды емес қарым-қатынас құралдарын (ым-ишара, қимыл), дауыс ырғағын, мәнерін, қарқынын, сөз арасындағы кідірісті қолдану)
		1.7 Тыңдалған материал бойынша өз пікірін айту	0.1.7.1 оқылған, естіген мәтінге өз көзқарасын жай сөйлеммен білдіру
		1.8 Берілген тақырыпқа әңгіме құрап айту	0.1.8.1 берілген сюжетті сурет бойынша шағын әңгіме құрап айту
		1.9 Сөздерді, дыбыстарды орфоэпиялық	0.1.9.1* сөздегі дыбыс түрлерін (дауысты, дауыссыз, жуан және жіңішке дауыстылар) ажырату және дұрыс дыбыстау;

		нормаларға сәйкес дұрыс айту	0.1.9.2 дыбыстардың мағына ажыратушылық қызметін түсіну; 0.1.9.3 сөздің буыннан тұратынын түсіну және сөздегі буын санын анықтау	
2. Менің мектебім	2. Оқылым (Өліппе кезеңі)	2.1 Оқу түрлерін қолдану	0.2.1.1 мәтін тақырыбын түсіну; 0.2.1.2 оқудың түрлерін (буындап оқу, жиі кездесетін сөздерді тұтас оқу, түсініп оқу) қолдану	
		2.2 Мәтін бойынша сұрақ қоя білу және жауап бере білу	0.2.2.1 мәтін мазмұны мен иллюстрациялар бойынша қарапайым сұрақтарға жауап беру	
		2.3 Дыбыс пен әріпті тану және ажырату	0.2.3.1 әріпті тану, ажырату және оны дыбыспен сәйкестендіру	
	Жазылым	3.3 Жоспар құру	0.3.3.1* мұғалім көмегімен мәтінге суреттер, сызбалар арқылы жоспар құрып, оған ат (тақырып) қою	
		3.4 Оқыған, тыңдаған материалдың мазмұнын жазу	0.3.4.1* мұғалім көмегімен оқыған, тыңдаған мәтіндегі ақпаратты сурет, сызба, белгілер қолданып, жай сөйлеммен жеткізу	
		3.5 Каллиграфиялық нормаларды сақтау	0.3.5.1 қарындаш, қаламды дұрыс ұстай білу; 0.3.5.2 қағаз парағын бағдарлай білу, тор мен жолды көру; 0.3.5.3 қысқа және ұзын таяқшаларды, дөңгелек және толқынды сызықтарды салу	
		3.6 Грамматикалық нормаларды сақтау	0.3.6.1 тәуелдік және жіктік жалғауларының қарапайым формаларын қолдана алу (терминсіз)	
		3.7 Пунктуациялық нормаларды сақтау	0.3.7.1 сөйлем соңында тыныс белгілерін қою: нүкте, сұрақ белгісі, леп белгісі	
	2-тоқсан			
	3. Менің отбасым және достарым	1. Тыңдалым және айтылым (Өліппе кезеңі)	1.3 Тыңдалған материалды мазмұндау	0.1.3.1 тыңдау барысында тілдік бірліктерді (сөйлеу, сөз, сөйлем, мәтін) ажырату, тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну;
1.4 Оқиганы болжау			0.1.4.1 мәтіннің мазмұнын тақырыбы, иллюстрациясы бойынша болжау	
1.5 Түрлі жағдаяттарда тілдік нормаларды дұрыс қолдану			0.1.5.1 түрлі жағдаяттарда этикет сөздерін қолдана білу	
1.6 Тыңдаушының назарын аудару			0.1.6.1 сөйлеу барысында сипаттау, салыстыруға қажетті сөздерді, вербалды емес қарым-қатынас құралдарын (ым-ишара, қимыл), дауыс ырғағын, мәнерін, қарқынын, сөз арасындағы кідірісті қолдану	

4. Бізді қоршаған әлем		1.7 Тыңдалған материал бойынша өз пікірін айту	0.1.7.1 тыңдалған мәтінге өз көзқарасын жай сөйлеммен білдіру
		1.8 Берілген тақырыпқа әңгіме құрап айту	0.1.8.1 ұсынылған тақырыпқа сипаттама және баяндау әңгімелер құрау
		1.9 Дыбыстарды, сөздерді, орфоэпиялық нормаларға сәйкес дұрыс айту	0.1.9.1 сөйлеу кезінде дауысты дыбыс пен дауыссыз дыбысты ажырата білу; 0.1.9.2 берілген дыбысқа сөздерді таңдау; 0.1.9.3 сөздегі буындардың санын анықтау (мұғалімнің көмегімен)
	2. Оқылым	2.1 Оқу түрлерін қолдану	0.2.1.1 әріпті тиісті дыбыспен байланыстыра білу; 0.2.1.2 буындар мен жекелеген сөздерді оқу
		2.2 Оқылған мәтіннің мазмұнын түсіну	0.2.2.1 мазмұны бойынша сұрақтарға жауап бере білу;
		2.4 Мәтіндегі сөздердің мағынасын түсіну	0.2.4.1* мұғалімнің көмегімен қарама-қарсы мағыналы/мәндес/көп мағыналы сөздердің мағыналарын ажырату
		2.5 Мәтін бойынша сұрақ қоя білу және жауап бере білу	0.2.5.1* мәтін, иллюстрация бойынша (мұғалімнің көмегімен) сұрақтар қоя білу және қойылған сұраққа жауап беру
		2.6 Мәтіннің түрлері мен жанрын, стилін анықтау	0.2.6.1* мұғалімнің көмегімен әңгімелеу мәтінін, ерекшелігіне қарай мәтін жанрын (өлең, әңгіме, ертегі) ажырату
		2.9 Дыбыс пен әріпті тану және ажырату	0.2.9.1 дыбыстық схемада буындарды белгілеу
		3. Жазылым	3.5 Мәтінді түрлі формада құрастыру
	3.7 Қатені табу және түзету		0.3.7.1* әріптің графикалық бейнесін, ол қандай элементтерден тұрады және жолға қатысты орналасуын білу
	3.8 Каллиграфиялық нормаларды сақтау		0.3.8.1 жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жолдың жоғарғы және төменгі сызығын сақтап, әріп элементтерін каллиграфиялық талаптарға сай жазу
	3.9 Орфографиялық нормаларды сақтау		0.3.9.1 оптикалық және кинетикалық ұқсастығы бар әріптерді ажырату; 0.3.9.2* бас әріппен жазылатын сөздерді (адамның аты-жөні, тегі, жер-су атаулары, үй жануарларына берілген аттары) анықтау
	3.10 Грамматикалық нормаларды сақтау		0.3.10.2 қағаз парағын бағдарлай білу, тор мен жолды көру

		3.11 Пунктуациялық нормаларды сақтау	0.3.11.1 сөйлем соңында тыныс белгілерін қою: нүкте, сұрақ белгісі, леп белгісі
3-тоқсан			
5. Саяхат	Тыңдалым және айтылым (Өліппе кезеңі)	1.1 Тыңдалған материалдың мазмұнын түсіну	0.1.1.1 тыңдау барысында тілдік бірліктерді (сөйлеу, сөз, сөйлем, мәтін) ажырату, тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну
		1.2 Мәтіннің тақырыбы мен негізгі ойын анықтау	0.1.2.1 мұғалімнің көмегімен сөйлемде, мәтінде не туралы айтылғанын түсіну
		1.3 Тыңдалған материалды мазмұндау	0.1.3.1 оқылғанға, естігенге өз көзқарасын білдіру
	2.Оқылым	2.1 Оқу түрлерін қолдану	0.2.1.2 әріпті тиісті дыбыспен байланыстыра білу
		2.2 Оқыған мәтіннің мазмұнын түсіну	0.2.2.1 мәтінде автордың кім (не) туралы айтқысы келгенін түсіну
		2.4 Мәтіндегі сөздердің мағынасын түсіну	.2.4.1* мұғалімнің көмегімен қарама- қарсы мағыналы/мәндес/көп мағыналы сөздердің мағыналарын ажырату
		2.5 Мәтін бойынша сұрақ қоя білу және жауап бере білу	0.2.5.1* мәтін, иллюстрация бойынша (мұғалімнің көмегімен) сұрақтар қоя білу және қойылған сұраққа жауап беру
		2.6 Мәтіннің түрлері мен жанрын, стилін анықтау	0.2.6.1* мұғалімнің көмегімен әңгімелеу мәтінін, ерекшелігіне қарай мәтін жанрын (өлең, әңгіме, ертегі) ажырату
		2.7 Түрлі дерек көздерден қажетті ақпаратты алу	0.2.7.1* әліпби ретімен құрылған дереккөздерден (сөздіктер, анықтамалықтар, суретті кітаптар, энциклопедия) ақпараттарды табу
		2.9 Дыбыс пен әріпті тану және ажырату	0.2.9.1 әріпті тану, ажырату және оны дыбыспен сәйкестендіру; 0.2.9.2 дыбыстардың сөздегі қызметін түсіну (ь,ъ таңбалары, ё, ю, я қосарлы дыбыстары) және дұрыс оқу
6. Салт- дәстүр және ауыз әдебиеті	3.Жазылым	3.5 Мәтінді түрлі формада құрау	0.3.5.1* тақырыпқа байланысты керекті сөздер, сөзбалар, суреттер, белгілерді қолдана отырып, үлгі бойынша шағын мәтін құрап жазу
		3.6 Түрлі жанрда шығармашылық мәтін жазу	0.3.6.1 мұғалімнің көмегімен әр түрлі жанр бойынша (хат, құттықтау хат, хабарлама, нұсқаулық) шағын мәтін құрап жазу
		3.7 Қатені табу және түзету	0.3.7.1* мұғалімнің көмегімен сөз, сөйлем, мәтінді тексеру және қателерін түзету
		3.8 Каллиграфиялық нормаларды сақтау	0.3.8.1 жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жолдың жоғарғы және төменгі сызығын сақтап, әріп элементтерін каллиграфиялық талаптарға сай жазу

		3.9 Орфографиялық нормаларды сақтау	0.3.9.1 айтылуы мен жазылуында айырмашылығы жоқ сөздерді тыңдау арқылы жазу 0.3.9.2 мұғалім көмегімен сөздерді дұрыс тасымалдау, тасымалдауға болмайтын сөздерді ажырату
		3.10 Грамматикалық нормаларды сақтау	0.3.10.1 заттың атын, санын, сынын, қимылын білдіретін сөздерді ажырата алу және орынды қолдана білу; 0.3.10.2 тәуелдік және жіктік жалғауларының қарапайым формаларын қолдана алу (терминсіз)
4-тоқсан			
7. Тағам және сусын	1. Тыңдалым және айтылым (Өліппеден кейінгі кезең)	1.2 Мәтіннің тақырыбы мен негізгі ойын анықтау	0.1.2.1 мұғалімнің көмегімен мәтінде кім? (не?) туралы айтылғанын анықтау
		1.3. Тыңдалған материалды мазмұндау	0.1.3.1 мұғалімнің көмегімен оқиганың ретін сақтай отырып баяндау
		1.4 Оқиганы болжау	0.1.4.1 мәтіннің мазмұнын тақырыбы, иллюстрация бойынша болжау
		1.5 Түрлі жағдаяттарда тілдік нормаларды дұрыс қолдану	0.1.5.1 түрлі жағдаяттарда этикет сөздерін қолдана білу
		1.6 Тыңдаушының назарын аудару	0.1.6.1 сөйлеу барысында сипаттау, салыстыруға қажетті сөздерді, вербалды емес қарым-қатынас құралдарын (ым-ишара, кимыл), дауыс ырғағын, мәнерін, қарқынын, сөз арасындағы кідірісті қолдану)
		8. Дені саудың - жаны сау!	Оқылым
2.2 Оқылған мәтіннің мазмұнын түсіну	0.2.2.1 мәтінде автордың кім? (не?) туралы айтқысы келгенін түсіну;		
2.3 Мәтіннің құрылымдық бөліктерін ажырату	0.2.3.1 мұғалімнің көмегімен оқыған мәтіннің тақырыбын, басын, ортасын анықтау		
2.4 Мәтіндегі сөздердің мағынасын түсіну	0.2.4.1 мұғалімнің көмегімен қарама-қарсы мағыналы/мәндес/көп мағыналы сөздердің мағыналарын ажырату		
2.5 Мәтін бойынша сұрақ қоя білу және жауап бере білу	0.2.5.1* мәтін, иллюстрация бойынша (мұғалімнің көмегімен) сұрақтар қоя білу және қойылған сұраққа жауап беру		
2.6 Мәтіннің түрлері мен жанрын, стилін анықтау	0.2.6.1* мұғалімнің көмегімен әңгімелеу мәтінін, ерекшелігіне қарай мәтін жанрын (өлең, әңгіме, ертегі) ажырату		

		2.7 Түрлі дереккөздерден қажетті ақпаратты алу	0.2.7.1* әліпби ретімен құрылған дереккөздерден (сөздіктер, анықтамалықтар, суретті кітаптар, энциклопедия) ақпараттарды табу
		2.8 Мәтіндерге салыстырмалы талдау жасау	0.2.8.1 мұғалімнің көмегімен түрлі жанрдағы (ертегі, әңгіме, өлең) мәтіндерді салыстыру
	3. Жазылым	3.3 Жоспар құру	0.3.3.1 мұғалім көмегімен мәтінге суреттер, сызбалар арқылы жоспар құрып, оған ат (тақырып) қою
	3.4 Оқыған, тыңдаған материалдың мазмұнын жазу	0.3.4.1 мұғалім көмегімен оқыған, тыңдаған мәтіндегі ақпаратты сурет, сызба, белгілер қолданып, жай сөйлеммен жеткізу	
	3.5 Мәтінді түрлі формада құрау	0.3.5.1* тақырыпқа байланысты керекті сөздер, сызбалар, суреттер, белгілерді қолдана отырып, үлгі бойынша шағын мәтін құрап жазу	
	3.6 Түрлі жанрда шығармашылық мәтін жазу	0.3.6.1* мұғалімнің көмегімен әртүрлі жанр бойынша (хат, құттықтау хат, хабарлама, нұсқаулық) шағын мәтін құрап жазу	
	3.7 Қатені табу және түзету	0.3.7.1* мұғалімнің көмегімен сөз, сөйлем, мәтінді тексеру және қателерін түзету	
	3.8 Каллиграфиялық нормаларды сақтау	0.3.8.1 жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жолдың жоғарғы және төменгі сызығын сақтап, әріп элементтерін каллиграфиялық талаптарға сай жазу	
	3.9 Орфографиялық нормаларды сақтау	0.3.9.1 айтылуы мен жазылуында айырмашылығы жоқ сөздерді тыңдау арқылы жазу; 0.3.9.2 мұғалім көмегімен сөздерді дұрыс тасымалдау, тасымалдауға болмайтын сөздерді ажырату; 0.3.9.3* бас әріппен жазылатын сөздерді (адамның аты-жөні, тегі, жер-су атаулары, үй жануарларына берілген аттары) анықтау	
	3.10 Грамматикалық нормаларды сақтау	0.3.10.1 заттың атын, санын, сынын, қимылын білдіретін сөздерді ажырату және орынды қолдану	

2) 1-сынып:
2-кесте

Ортақ тақырыптар	Бөлімдер	Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары
1-тоқсан			
1. Өзім туралы	1. Тыңдалым және айтылым	1.1 Тыңдалған материалдың мазмұнын түсіну	1.1.1.1 тыңдаған материалының сөйлеу екенін, оның мазмұнын түсіну және сөйлемдерге, сөздерге ажырату

2. Менің мектебім	(Өліппеге дейінгі кезең)	1.2 Мәтіннің тақырыбы мен негізгі ойын анықтау	1.1.2.1 мұғалімнің көмегімен мәтінде кім? (не?) туралы айтылғанын анықтау
		1.3 Тыңдалған материалды мазмұндау	1.1.3.1 мұғалімнің көмегімен оқиғаның ретін сақтай отырып баяндау
		1.4 Оқиғаны болжау	1.1.4.1 мәтіннің мазмұнын тақырыбы, иллюстрация бойынша болжау
		1.5 Түрлі жағдаяттарда тілдік нормаларды дұрыс қолдану	1.1.5.1 түрлі жағдаяттарда этикет сөздерін қолдана білу
		1.6 Тыңдаушының назарын аудару	1.1.6.1* сөйлеу барысында сипаттау, салыстыруға қажетті сөздерді, вербалды емес қарым-қатынас құралдарын (ым-ишара, қимыл), дауыс ырғағын, мәнерін, қарқынын, сөз арасындағы кідірісті қолдану)
		1.7 Тыңдалған материал бойынша өз пікірін айту	1.1.7.1 тыңдалған мәтінге өз көзқарасын жай сөйлеммен білдіру (ұнайды, ұнамайды)
		1.8 Берілген тақырыпқа әңгіме құрап айту	1.1.8.1 берілген сюжетті сурет бойынша шағын әңгіме құрап айту
		1.9 Сөздерді, дыбыстарды орфоэпиялық нормаларға сәйкес дұрыс айту	1.1.9.1* сөздегі дыбыс түрлерін (дауысты, дауыссыз, жуан және жіңішке дауыстылар) ажырату және дұрыс дыбыстау; 1.1.9.2 дыбыстардың мағына ажыратушылық қызметін түсіну; 1.1.9.3 сөздің буыннан тұратынын түсіну және сөздегі буын санын анықтау
	2. Оқылым	2.1 Оқу түрлерін қолдану	
2.2 Мәтін бойынша сұрақ қоя білу және жауап бере білу			1.2.2.1* мәтін, иллюстрация бойынша (мұғалім көмегімен)
2.3 Дыбыс пен әріпті тану және ажырату			1.2.3.1 әріпті тану, ажырату және оны дыбыспен сәйкестендіру
3. Жазылым (Өліппе кезеңі)	3.3 Жоспар құру		1.3.3.1* мұғалім көмегімен мәтінге суреттер, сызбалар арқылы жоспар құрып, оған ат (тақырып) қою

		3.4 Оқыған, тыңдаған материалдың мазмұнын жазу	1.3.4.1* мұғалім көмегімен оқыған, тыңдаған мәтіндегі ақпаратты сурет, сызба, белгілер қолданып, жай сөйлеммен жеткізу
		3.8 Каллиграфиялық нормаларды сақтау	1.3.8.1 жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жолдың жоғарғы және төменгі сызығын сақтап, әріп элементтерін каллиграфиялық талаптарға сай жазу
		3.10 Грамматикалық нормаларды сақтау	1.3.10.2 тәуелдік және жіктік жалғауларының қарапайым формаларын қолдана алу (терминсіз)
		3.11 Пунктуациялық нормаларды сақтау	1.3.11.1 сөйлемді бас әріппен бастап жазып, сөйлем соңына тиісті тыныс белгілерін қою
2-тоқсан			
3. Менің отбасым және достарым	1. Тыңдалым және айтылым (Әліппе кезеңі)	1.3 Тыңдалған материалды мазмұндау	1.1.3.1 мұғалімнің көмегімен оқиганың ретін сақтай отырып баяндау;
		1.4 Оқиганы болжау	1.1.4.1 мәтіннің мазмұнын тақырыбы, иллюстрациясы бойынша болжау;
		1.5 Түрлі жағдаяттарда тілдік нормаларды дұрыс қолдану	1.1.5.1 түрлі жағдаяттарда этикет сөздерін қолдана білу
		1.6 Тыңдаушының назарын аудару	1.1.6.1* сөйлеу барысында сипаттау, салыстыруға қажетті сөздерді, вербалды емес қарым-қатынас құралдарын (ым-ишара, қимыл), дауыс ырғағын, мәнерін, қарқынын, сөз арасындағы кідірісті қолдану
		1.7 Тыңдалған материал бойынша өз пікірін айту	1.1.7.1 тыңдалған мәтінге өз көзқарасын жай сөйлеммен білдіру (ұнайды, ұнамайды)
		1.8 Берілген тақырыпқа әңгіме құрап айту	1.1.8.1 берілген сюжетті сурет бойынша шағын әңгіме құрап айту
4. Бізді қоршаған әлем	1.9 Дыбыстарды, сөздерді, орфоэпиялық нормаларға сәйкес дұрыс айту		1.1.9.1 сөздегі дыбыс түрлерін (дауысты, дауыссыз, жуан және жіңішке дауыстылар) ажырату және дұрыс дыбыстау; 1.1.9.2 дыбыстардың мағына ажыратушылық қызметін түсіну; 1.1.9.3 сөздің буыннан тұратынын түсіну және сөздегі буын санын анықтау
		2.1 Оқу түрлерін қолдану	1.2.1.1 сөз, сөйлем сызбасын оқу және құрастыру
	2. Оқылым		

		2.2 Оқылған мәтіннің мазмұнын түсіну	1.2.1.2 оқудың түрлерін (буындап оқу, жиі кездесетін сөздерді тұтас оқу, түсініп оқу) қолдану; 1.2.2.1 мәтінде автордың кім? (не?) туралы айтқысы келгенін түсіну
		2.3 Мәтіндегі сөздердің мағынасын түсіну	1.2.3.1* мұғалімнің көмегімен қарама-қарсы мағыналы/мәндес/көп мағыналы сөздердің мағыналарын ажырату
		2.4 Мәтін бойынша сұрақ қоя білу және жауап бере білу	1.2.4.1* мәтін, иллюстрация бойынша (мұғалімнің көмегімен) сұрақтар қоя білу және қойылған сұраққа жауап беру
		2.5 Мәтіннің түрлері мен жанрын, стилін анықтау	1.2.5.1* мұғалімнің көмегімен әңгімелеу мәтінін, ерекшелігіне қарай мәтін жанрын (өлең, әңгіме, ертегі) ажырату
		2.6 Дыбыс пен әріпті тану және ажырату	1.2.6.1 әріпті тану, ажырату және оны дыбыспен сәйкестендіру
	3. Жазылым	3.5 Мәтінді түрлі формада құрастыру	1.3.5.1* тақырыпқа байланысты керекті сөздер, сызбалар, суреттер, белгілерді қолдана отырып, үлгі бойынша шағын мәтін құрап жазу
		3.6 Қатені табу және түзету	1.3.6.1* мұғалімнің көмегімен сөз, сөйлем, мәтінді тексеру және қателерін түзету
		3.7 Каллиграфиялық нормаларды сақтау	1.3.7.1 жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жолдың жоғарғы және төменгі сызығын сақтап, әріп элементтерін каллиграфиялық талаптарға сай жазу
		3.8 Орфографиялық нормаларды сақтау	1.3.8.1 айтылуы мен жазылуында айырмашылығы жоқ сөздерді тыңдау арқылы жазу; 1.3.8.2* бас әріппен жазылатын сөздерді (адамның аты-жөні, тегі, жер-су атаулары, үй жануарларына берілген аттары) анықтау
		3.9 Грамматикалық нормаларды сақтау	1.3.9.1 тәуелдік және жіктік жалғауларының қарапайым формаларын қолдана алу (терминсіз)
		3.10 Пунктуациялық нормаларды сақтау	1.3.10.1 сөйлемді бас әріппен бастап жазып, сөйлем соңына тиісті тыныс белгілерін қою
3-тоқсан			
5. Саяхат	1. Тыңдалым және айтылым	1.1 Тыңдалған материалдың мазмұнын түсіну	1.1.1.1 тыңдаған материалының сөйлеу екенін, оның мазмұнын түсіну және сөйлемдерге, сөздерге ажырату

6. Салт-дәстүр және ауыз әдебиеті	(Өліппе кезеңі)	1.2 Мәтіннің тақырыбы мен негізгі ойын анықтау	1.1.2.1 мұғалімнің көмегімен мәтінде кім? (не?) туралы айтылғанын анықтау
		1.3 Тыңдалған материалды мазмұндау	1.1.3.1 мұғалімнің көмегімен оқиганың ретін сақтай отырып баяндау
		1.4 Оқиганы болжау	1.1.4.1 мәтіннің мазмұнын тақырыбы, иллюстрация бойынша болжау
		1.5 Түрлі жағдаяттарда тілдік нормаларды дұрыс қолдану	1.1.5.1 түрлі жағдаяттарда этикет сөздерін қолдана білу
		1.6 Тыңдаушының назарын аудару	1.1.6.1 сөйлеу барысында сипаттау, салыстыруға қажетті сөздерді, вербалды емес қарым-қатынас құралдарын (ым-ишара, қимыл), дауыс ырғағын, мәнерін, қарқынын, сөз арасындағы кідірісті қолдану)
		1.7 Тыңдалған материал бойынша өз пікірін айту	1.1.7.1 тыңдалған мәтінге өз көзқарасын жай сөйлеммен білдіру (ұнайды, ұнамайды)
		1.8 Берілген тақырыпқа әңгіме құрап айту	1.1.8.1 берілген сюжетті сурет бойынша шағын әңгіме құрап айту
		1.9 Дыбыстарды, сөздерді орфоэпиялық нормаларға сәйкес дұрыс айту	1.1.9.1 сөздегі дыбыс түрлерін (дауысты, дауыссыз, жуан және жіңішке дауыстылар) ажырату және дұрыс дыбыстау; 1.1.9.2 сөздің буыннан тұратынын түсіну және сөздегі буын санын анықтау
	2. Оқылым	2.1 Оқу түрлерін қолдану	1.2.1.2 оқудың түрлерін (буындап оқу, жиі кездесетін сөздерді тұтас оқу, түсініп оқу) қолдану
		2.2 Оқыған мәтіннің мазмұнын түсіну	1.2.2.1 мәтінде автордың кім (не) туралы айтқысы келгенін түсіну
		2.4 Мәтіндегі сөздердің мағынасын түсіну	1.2.4.1* мұғалімнің көмегімен қарама-қарсы мағыналы/мәндес/көп мағыналы сөздердің мағыналарын ажырату
		2.5 Мәтін бойынша сұрақ қоя білу және жауап бере білу	1.2.5.1* мәтін, иллюстрация бойынша (мұғалімнің көмегімен) сұрақтар қоя білу және қойылған сұраққа жауап беру;
		2.6 Мәтіннің түрлері мен жанрын, стилін анықтау	1.2.6.1* мұғалімнің көмегімен әңгімелеу мәтінін, ерекшелігіне қарай мәтін жанрын (өлең, әңгіме, ертегі) ажырату

		2.7 Түрлі дереккөздерден қажетті ақпаратты алу	1.2.7.1* әліпби ретімен құрылған дереккөздерден (сөздіктер, анықтамалықтар, суретті кітаптар, энциклопедия) ақпараттарды табу
		2.9 Дыбыс пен әріпті тану және ажырату	1.2.9.1 әріпті тану, ажырату және оны дыбыспен сәйкестендіру; 1.2.9.2 дыбыстардың сөздегі қызметін түсіну (ь, ь таңбалары, ё, ю, я қосарлы дыбыстары) және дұрыс оқу
	3. Жазылым (Өліппеден кейінгі кезең)	3.5 Мәтінді түрлі формада құрау	1.3.5.1* тақырыпқа байланысты керекті сөздер, сызбалар, суреттер, белгілерді қолдана отырып, үлгі бойынша шағын мәтін құрап жазу;
		3.6 Түрлі жанрда шығармашылық мәтін жазу	1.3.6.1 мұғалімнің көмегімен әр түрлі жанр бойынша (хат, құттықтау хат, хабарлама, нұсқаулық) шағын мәтін құрап жазу
		3.7 Қатені табу және түзету	1.3.7.1* мұғалімнің көмегімен сөз, сөйлем, мәтінді тексеру және қателерін түзету
		3.8 Каллиграфиялық нормаларды сақтау	1.3.8.1 жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жолдың жоғарғы және төменгі сызығын сақтап, әріп элементтерін каллиграфиялық талаптарға сай жазу
		3.9 Орфографиялық нормаларды сақтау	1.3.9.1 айтылуы мен жазылуында айырмашылығы жоқ сөздерді тыңдау арқылы жазу; 1.3.9.2 мұғалім көмегімен сөздерді дұрыс тасымалдау, тасымалдауға болмайтын сөздерді ажырату
3.10 Грамматикалық нормаларды сақтау	1.3.10.1 заттың атын, санын, сынын, қимылын білдіретін сөздерді ажырата алу және орынды қолдана білу; 1.3.10.2 тәуелдік және жіктік жалғауларының қарапайым формаларын қолдана алу (терминсіз)		
4-тоқсан			
7. Тағам және сусын	1. Тыңдалым және айтылым (Өліппеден кейінгі кезең)	1.2 Мәтіннің тақырыбы мен негізгі ойын анықтау	1.1.2.1 мұғалімнің көмегімен мәтінде кім? (не?) туралы айтылғанын анықтау;
		1.3. Тыңдалған материалды мазмұндау	1.1.3.1 мұғалімнің көмегімен оқиғаның ретін сақтай отырып баяндау
		1.4 Оқиғаны болжау	1.1.4.1 мәтіннің мазмұнын тақырыбы, иллюстрация бойынша болжау;
		1.5 Түрлі жағдаяттарда тілдік нормаларды дұрыс қолдану	1.1.5.1 түрлі жағдаяттарда этикет сөздерін қолдана білу;

8. Дені саудың - жаны сау!		1.6 Тыңдаушының назарын аудару	1.1.6.1 сөйлеу барысында сипаттау, салыстыруға қажетті сөздерді, вербалды емес қарым-қатынас құралдарын (ым-ишара, қимыл), дауыс ырғағын, мәнерін, қарқынын, сөз арасындағы кідірісті қолдану)	
		1.7 Тыңдалған материал бойынша өз пікірін айту	1.1.7.1 тыңдалған мәтінге өз көзқарасын жай сөйлеммен білдіру (ұнайды, ұнамайды)	
		1.8 Берілген тақырыпқа әңгіме құрап айту	1.1.8.1 берілген сюжетті сурет бойынша шағын әңгіме құрап айту	
	2. Оқылым	2.1 Оқу түрлерін қолдану	1.2.1.2 оқудың түрлерін (буындап оқу, жиі кездесетін сөздерді тұтас оқу, түсініп оқу) қолдану	
		2.2 Оқылған мәтіннің мазмұнын түсіну	1.2.2.1 мәтінде автордың кім? (не?) туралы айтқысы келгенін түсіну	
		2.3 Мәтіннің құрылымдық бөліктерін ажырату	1.2.3.1 мұғалімнің көмегімен оқыған мәтіннің тақырыбын, басын, ортасын анықтау	
		2.4 Мәтіндегі сөздердің мағынасын түсіну	1.2.4.1 мұғалімнің көмегімен қарама-қарсы мағыналы/мәндес/көп мағыналы сөздердің мағыналарын ажырату	
		2.5 Мәтін бойынша сұрақ қоя білу және жауап бере білу	1.2.5.1* мәтін, иллюстрация бойынша (мұғалімнің көмегімен) сұрақтар қоя білу және қойылған сұраққа жауап беру;	
		2.6 Мәтіннің түрлері мен жанрын, стилін анықтау	1.2.6.1* мұғалімнің көмегімен әңгімелеу мәтінін, ерекшелігіне қарай мәтін жанрын (өлең, әңгіме, ертегі) ажырату	
		2.7 Түрлі дереккөздерден қажетті ақпаратты алу	1.2.7.1* әліпби ретімен құрылған дереккөздерден (сөздіктер, анықтамалықтар, суретті кітаптар, энциклопедия) ақпараттарды табу	
		2.8 Мәтіндерге салыстырмалы талдау жасау	1.2.8.1 мұғалімнің көмегімен түрлі жанрдағы (ертегі, әңгіме, өлең) мәтіндерді салыстыру	
		3. Жазылым	3.3 Жоспар құру	1.3.3.1 мұғалім көмегімен мәтінге суреттер, сызбалар арқылы жоспар құрып, оған ат (тақырып) қою;
			3.4 Оқыған, тыңдаған материалдың мазмұнын жазу	1.3.4.1 мұғалім көмегімен оқыған, тыңдаған мәтіндегі ақпаратты сурет, сызба, белгілер қолданып, жай сөйлеммен жеткізу
			3.5 Мәтінді түрлі формада құрау	1.3.5.1* тақырыпқа байланысты керекті сөздер, сызбалар, суреттер,

		белгілерді қолдана отырып, үлгі бойынша шағын мәтін құрап жазу
	3.6 Түрлі жанрда шығармашылық мәтін жазу	1.3.6.1* мұғалімнің көмегімен әртүрлі жанр бойынша (хат, құттықтау хат, хабарлама, нұсқаулық) шағын мәтін құрап жазу
	3.7 Қатені табу және түзету	1.3.7.1* мұғалімнің көмегімен сөз, сөйлем, мәтінді тексеру және қателерін түзету;
	3.8 Каллиграфиялық нормаларды сақтау	1.3.8.1 жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жолдың жоғарғы және төменгі сызығын сақтап, әріп элементтерін каллиграфиялық талаптарға сай жазу
	3.9 Орфографиялық нормаларды сақтау	1.3.9.1 айтылуы мен жазылуында айырмашылығы жоқ сөздерді тыңдау арқылы жазу
	3.10 Грамматикалық нормаларды сақтау	1.3.9.2 мұғалім көмегімен сөздерді дұрыс тасымалдау, тасымалдауға болмайтын сөздерді ажырату

Ескерпе:

- 1) «**» сөйлеу әрекетінің түрлері бойынша оқу мақсаттары кешенді және түрлі нұсқада қолданыла алады;
- 2) «*» белгіленген оқу мақсаттарының бөлігін жүзеге асыруға болады;
- 3) «/» белгісі оқу мақсатындағы бөліп қарастыруға болатын бөліктерді көрсетеді.

